



№93 (9980)
25 қараша
сенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары



Жұқпалы аурулар азайған

Биыл облыстағы аса қауіпті деп танылатын 14 жұқпалы аурудың алдын алуға республикалық бюджеттен 6973,5 мың доза ветеринариялық препарат жеткізіліп, өлді мекендерге таратылған. Өткен жылмен салыстырғанда препараттар 1 млн-ға артып отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев мәлімдеді.

Оның айтуынша, жергілікті жерлерде аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала егу және диагностикалық тексеру жұмыстары тұрақты өткізілуде. Нәтижесінде облысқа берілген вакцина қолданылатын ауыл бойынша таза аймақ мәртебесін Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы наурыз айында қайта растаған.

Сондай-ақ энзоотиялық аурулардың алдын алу шаралары да тұрақты жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 6 энзоотиялық ауруға қажетті 707,4 мың доза ветеринариялық препараттар алынған. Қазіргі таңда 8 ветеринариялық станция, 139 пунктте барлығы 746 маман жұмыс жасайды. Білікті ветеринар мамандар сапалы жұмысының арқасында аймақта төрт түлі арасындағы аса қауіпті жұқпалы аурулар азайған.

Қыс – 2023

Оқу-жаттығу өтті

Аудан орталығында «Қыс-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы ұйымдастырылып, шұғыл әрекет ету жасақтарының қыс мезгіліне дайындығы тексерілді. Оқу-жаттығу жиынына аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов қатысып, әрбір жеке құрамның дайындығын мұқият қарап шықты.



Орталық алаңда аудандық төтенше жағдай, азаматтық қорғау қызметтері, орман шаруашылығы, құқық қорғау, жедел жәрдем қызметі, аудандық коммуналдық кәсіпорындар мен өзге де жауапты мекемелердің қызметкерлері мен техникалары жиналды. Сонымен қатар оқу-жаттығу барысында төтенше жағдайларға жою бойынша азаматтық қорғау құрылымдарының іс-әрекеттері пысықталып, жасақ жетекшілеріне жүктелген функционалдық міндеттері бойынша тапсырмалар берілді.

— Бүгінгі «Қыс – 2023» оқу-жаттығу жиынының маңызы зор. Қыс мезгілінде төтенше жағдайлардың жиі орын алуы ықтималдығы жоғары болғандықтан, біз көз келген оқиғаға сақдай сай болуымыз қажет. Оқу жаттығуда қысқы уақытта орын алатын төтенше жағдайларды жою бойынша азаматтық қорғау құрылымы мен қызметтерінің даярлығын тексеру және жетілдіру мақсатында №31 мектеп-гимназиясының жылу қазандығындағы өрт оқиғасы тақырыбында практикалық кезең өткізілді. — деді төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов.

Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштері қыс мезгіліндегі төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға дайын. Оқу-жаттығуға 50 техника, 134 қызметкер жұмылдырылды.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Тойға тоқтам бола ма?

Қазақ сәбидің іңгәлап дүние есігін ашқан сәтінен бастап өмір бойына ән арнап, би билеп, қуанышты сәттерін міндетті түрде тойлатып өткізеді. Той ата заманнан қазақ өмірінің мәні мен сәніне айналған. Жасыратыны жоқ, соңғы уақытта қоғамда той өткізу туралы екідәй пікір қалыптасты. «Тойдың не қажеті бар? Қарызға батқан халыққа той жасап не керек?» деген пікірмен жиі ұшырасатын болдық. Десе де дүркіретіп той тойлауды құп көретін азаматтарымыз да аз емес. Кейбірі «Сонда кезінде бар байлығын баласының қызығына арнаған, жиган-тергенін тойға шашқан ата-бабамыз дарақы болды ма?» деп тойды ұлт тарихымен ұштастырып та жатады.

Жандос Жазкен



Иә, бұл пікірлерді туғызған халықтың өзі, яғни біз. Не істесе де мақтау мен мадақты жақсы көретін жұрт «пәленшеден кем болмайық, қатарынан қалмасын» деп санасып, орынсыз жерде жарысып, тойды бәсеке алаңына айналдырып жібергені рас. «Баласына бір той жасап бер алмай, Бұл өмірден өтіп кетті қанша адам» деп ән де шығарып алдық.

Бүгінгі тойлардан халқымызда той туралы қасаң, теріс түсінік қалыптасқанын аңғару қиын емес. Оны жасаудың міндетінен бөлек дүбірлетіп, сәнсалтанатымен өткізу тағы бар. Бұл қалталы азаматтарға қиындық тудыра қоймасы анық, алайда халықтың бәрі бай емес қой, жалақыдан жалақыға «шықпа жанымы шықпамен» өзгер жететін жандар жетерлік.

Иә, 2000 жылдардан кейін еліміз әлеуметтік-экономикалық жағынан серпін алған соң мейрамханада той жасау дестүрі қалыптасты. Мемлекеттен кәсіп ашуға, еңбек етуге, жағдайымызды жақсартуға берілген несиеге дүркіретіп той жасап, шаша шықтық.

Ащы болса да шындық, дарақы тойлар халық әлеуетіне теріс әсерін тигізгеннен бөлек қоғамның рухани, мәдени азғындауына жол айып жатқандай. Тойда шайтан суға ойын алып, тамаданың ойына келген ойынын ойнап, мәз боламыз, марқаймыз.

Сөзіме тұздық болсын, жақында бір танысымың тойында болдым. Той жүргізуші ортаға 2 жас жігітті шақырып, ойын ойнатты. «Қандай ойын?» дейсіздер ғой, бір жігіт қазақтың киелі музыкалық аспабы домбыра болса, екіншісі сол домбыраны тартатын күйші болады екен. Сонымен не керек, әнші жігіт домбырамызды көтеріп алып, анайы жерінен шерте жөнелді. Тойшыл құрмет көрсетіп әлек. Сонда тамаданың 300-400 адамнан жиналған тойшыл қауымды осы ойынға лайықты санағаны ма? Әлде қоғамның сұранысы осы болды ма?

Айтып-айтпай не керек, «жиган-тергенің тойға шашылсын» дейтін қазақтың шаш та төк мінезін аша түскен қазіргі той өткізу салтымызға реформа жасауға сұранып-ақ тұрғандай. Мысалы, қуа-

нышқа келген қонақ санын 100 адамнан асырмай, тойханалар мен тойшыл әншісімақтардың бағасын бақылауда ұстаса, мүмкін бүгінгідей есі кеткен дарақылық тыйылар ма еді? Әйтпесе тойдан есі кеткен қара халық, қоғамда ән айттып, билеуден де басқа мәселелер бар екенін естен шығарғандай.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр сөзінде бүгін той тойлап жарысатын заман емес, білім, ғылым үйренуден, еңбек етуден жарысатын заман екенін бекер ескертпеді.

— Қазір «тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айттып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір — ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі, — деді Ел Президенті.

Бір қуантарлығы, бүгінгі жас буынның басым көпшілігі дарақы тойды қолдамайтынын айтады. Жастардың бірі той өткен соң өмір бар екенін тілге

тиек етсе, енді бірі «жақындарымның ортасында шағын ғана атап өткенге не жетсін», «тойға шашқан ақшаға пәтер сатып алар едім» деген пікірде. Әрине бұған елдегі әлеуметтік ахуал мен жастардың жаңаша көзқарасы, оқығандығы, сауаттылығы әсер етсе керек.

Расында шаш етекпен шығынаға батпай, тек жақын адамдарына ғана арнап ақ дастархан жайып, бір-бірімізге тілеулес болып, кішігірім мереке ретінде атап өтуге дағдылансақ, той тойлау мәдениетіміз де, әлеуметтік әлеуетіміз де арта түсер еді. Түптеп келгенде, бізден бірнеше жыл алға дамып кеткен Жапония, Германия, тағы да басқа елдер сияқты болғымыз келсе, тойға шашқан қаржыны баланың сапалы білім алуына, кәсіп ашуына, келешегіне инвестиция ретінде құйған дұрыс деп ойлаймын. Тойға 500 адам емес, 100 адам шақырсақ та, ата-баба жолымен отқа май құйып, өсиетке толы бет ашу рәсімін жасап, жөн-жоралғысымен

болатындай. Ойланайық...

Бәрекелді!

«Өнер адам, қызмет таңдамайды. Өнерге білектің күші де қажет емес. Тек оны жан тәнімен ұғыну, сезіну керек. Өнердің әлеміне ене алу керек. Құдай жаратқан пендесін өнерден алыс етпесе, ол өрге жүзеді. Бойында таланты бар жан қандай қызметте жүрсе де өнері оны алға жетелейді. Ән шырқау маған ұнайды. Әншілік табиғаттың адамның бойына дарытқан ерекше бір сыйы деп білемін» деп бастады әңгімесін полицей.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ



Композитор полицей

Иә, «полицей мен өңшінің не қатысы бар?» деп ойлаған шығарсыздар. Өнер адам таңдамайтыны рас екен, бұған аудандық полиция бөлімінің қызметкері, полиция майоры Жасұлан Әбдұайтовтың шығармашылығымен танысқанда көз жеткіздік. Антқа адал Жасұлан Сәрсенбайұлы бүгінде жауапкершілігі мол қызметі мен бойына дарыған өнерін абыроймен арқалап жүр. Иығына погон таққан офицер қызметтің ауырлығына қарамастан қазақтың қара домбырасынан, өнерінен алыстаған емес.

Жақында талантты өңші Жандос Қаржаубай жалағаштықтарға «Кез-моншағым» атты ән кешін берген болатын. Сол кеште кейіпкеріміз сахнаға көтеріліп, дүйім жұртқа өз репертуарынан керемет ән шырқап, көрерменнің құрметіне бөленді. Міне, «бұл полиция жігіттің өңшілік өнері де бар екен ғой!» деген халықтың таңқаларлық сөзі осы мақаламызға арқау болып отыр.

Басынан бастайық... Полиция қалайша өңші болды? Полиция майоры Жасұлан Әбдұайтов — Жалағаш ауданының тумасы. Өнерді құрып-таңдап қарапайым отбасында өскен. Өзінің айтуынша, бұл талант өкесінен де, нағашы жұртынан да дарыған.

Нағашылары аймаққа белгілі жырау, ақын, термеші болыпты. Ол кісілердің музыкалық сауаты болмаса да, естіген әуенін домбыра немесе түрлі аспаптарға салып ойнай алады екен. Осылайша полицейдің өнерге құштарлығы бала кезден өнерлі ортада қалыптасса керек.

Жөкең өңшіліктен бөлек, ән жазды, яғни композиторлық таланты бар. Бүгінде оның репертуары бірнеше туындымен толыққан. Нақтырақ айтсақ, «Жалағашым», «Рахмет саған дөрігер», «Қазақ жігіті», «Тыныштық сақшысы», «Мама», «Мен сені сүйемін өмір», «Әкешім», «Алыстағы махаббат» секілді бас-аяғы 13 туындысы бар. Бұйыртыса, аудан жұртына арнап кең көлемде ән кешін ұйымдастыру да осында. «Әрине кештің билеті тегін» деп бір күліп алды кейіпкеріміз.

Оның ең алғашқы орындаған туындысы «Жалағашым» әні екен, өдеттегі бір концерттік шарада жүрген Жөкеңнің өнеріне тамсанған композитор Сақыпжан Аймаханқызы «Жалағашым» әнін сыйға тартыпты. Бұл туындыны киелі Жалағаш топырағында өскен азамат орындаса деген болса керек. Сондай-ақ жақында жарық көрген туындысы «Нәзеркем» атты өңірінде әнұйыр қауымның жүрегінен орын тауып

үлгерген. Бір қызығы, бұл өңнің сөзін де Жөкең өзі жазған.

— Иә, өнер мен үшін бала киялыммен ұштасқан жеке хоббиім десем болады. Өнерді жаным сүйеді. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, спортпен де кәсіби шұғылданамын. Күрестен спорт шеберімін. Азды-көпті жетістігім де бар. Жалпы бүгінгі қызметім құқық қорғау саласына үлкен қызығушылықпен келдім. Қызметтегі міндетімді адал атқарудамын. Бұл салада қызмет өткеніме 12 жылдан асты. Әр мамандықтың өзіне тән ерекшелігі мен қиындығы болады. Мен өз ісімді жақсы көремін, сондықтан маған өнерде де, құқық қорғау саласында да қызмет атқарған қиын емес. Жан дүнием, ойым, болмысым шығармашылыққа жақын болғандықтан болар, адаммен тіл табысуға бейіммін, — дейді өнерлі полицей.

«Нағыз қазақ — қазақ емес. Нағыз қазақ домбыра» деп Қадыр Мырза-Әлі жырлағандай, кейіпкеріміз ұлттық аспабымыз домбыраны жетік меңгерген. Одан басқа гитара аспабын өз бетінше үйренген.

Жөкең балалық, студенттік кезден бастап әртүрлі деңгейдегі байқауларда бой көрсеткен. Бірқатар үлкен конкурстан жүлделі орын да бұйырған.

Сөзіме дәлел, қызметте жүріп, сала мамандары арасында өтетін республикалық «Парасаттық полицей» атты өнер байқауына қатысып, жүлделі 3 орынды еншілеген. Сондай-ақ қызметтен тыс ауданның басқа да мәдени-танымдық іс-шараларына тұрақты қатысып тұрады.

Кейіпкеріміз өнердегі жоспарымен де бөлісті. Іштегі өнердің сәулесін тұншықтырмайтын секілді. Бүгінде жаңа туындының жарық көруіне жұмыс жасап жатыр. Өзінің айтуынша, өң патриоттық тұрғыда, жастарды рухтандыратын, салмағы барсым керемет дүние болмақ. Жөкең сахна төрінде жүрген басқа да эстрада жұлдыздарымен шығармашылық байланыста, бойындағы өнерін дамытуда солармен ақылдасып, тәжірибе алмасып отырады.

— Мен жайлы Жалағаш жұрты қандай ойда екенін білмеймін. Бірақ жақындарым, ұжымым маған ердауым қолдау көрсетуге дайын. Концерттік іс-шараларда көрсеткен өнеріме қызығатындардың қатары аз емес. Кісі бойында білім мен біліктілік, өнерге деген құштарлық қатар жүрсе, қызметтің жаңа қуаныш сыйлайтыны, еңбектің өленетіні де сөзсіз, — дейді ол.

Перзентхананың алдына жиылған жұрт әдеттегідей көңілді. Құшақ-құшақ гүл, ақжарма тілек, жүзі балбұл жанған ата-әжеге толы. Бұл қуаныштың артында тоғыз ай, тоғыз күн күткен үлкен бақыт бар. Думанды қауымды артқа тастап, есікке енген әріптесім екеумізді «Дәрігер, тез көмегіңіз қажет» деген дауыс елең еткізді. Дәлізде зыр жүгірген дәрігерлер мен медбикелер, қабылдау бөліміндегі абыр-сабыр аудандық перзентхана бөлімінің күнделікті жай-күйі десек қателеспейміз.



Мың баланың кіндік шешесі

Иә, мұнда аптасына кем дегенде орташа есеппен 10-11 ана аталған бөлімнің көмегіне жүніп, жылына шамамен 600-ге жуық бала жарық дүниеге есігін ашады. Бұл перзентханада акушер-гинеколог болып жұмыс істеп жатқанына 5 жыл болған Әсел Мейірманқызымен тілдесек болғанымызда кейіпкеріміз жас жүкті анаға көмектесуге асығып бара жатқанын жеткізді. Осыдан-ақ кейіпкеріміздің өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, ана мен бала саулығын басты назарда ұстайтынын аңғаруға болады.

Ол босай салысымен перзентхана бөлімінің тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында бөлімді аралай жүріп, Әселден осы салаға келу тарихына, жұмысының қиындығы мен қызығы жайында сыр тарттық.

Әсел Жүсіпова 2008 жылы Ақтөбе қаласындағы Марат Османов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне түсіп, 2013 жылы жалпы медицина факультетін бітірген. Ол аталған оқу орнында акушерия және гинекология мамандығы бойынша интернатура да 2 жыл және дел осы мамандық бойынша резидентурата 3 жыл білім алған.

Бұл мамандыққа келуіме әкемнің туған ағасы, ауданда 30 жыл гинеколог болып қызмет етіп, ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі атанған акушер-гинеколог Теремурат Жүсіпов ағам себепкер болды. Мен 7 сыныптан бастап ағаммен бірге

оның жұмыс орнына келіп, мамандығының қыр-сырын түсінбесем де қызығушылық танытып, кітаптарын оқытынмын. Бала күнігі арманым мені үлкен қызметке еңбек етіп, адам жанының арашасы атануыма себепкер болды. Өз еңбек жолымды осы аудандық аурухананың перзентханасында бастадым. Қаралышылар күнделікті толассыз келіп-кетіп жатады. Аналардың қуанышын бөлісіп, ауыртылығын көтере жүріп, әртүрлі тағдыр иелерімен жолығып жатамыз. Бірде қуансақ, бірде мұңаятын сәттеріміз де жоқ емес. Себебі акушерлік жұмыстың қиындығы көп. Әр минут санаулы әрі бағалы. Жұмыс уақыты аяқталды деп науқастарды қараусыз тастап кете алмаймыз. Мереке күндері де көзекшілік бойынша үнемі жағдайларын жіті бақылауда ұстап, байланыста боламыз, – дейді Әсел Мейірманқызы.

Иә, екі адамның өміріне бірдей жауаптылық таныту оңай емес. Халықтың ыстық ықыласы мен алғысын арқаулап жүрген Әсел 5 жылдық жұмыс тәжірибесінде 1000 нәрестенің кіндік анасы атанған. Әріптестерінің айтуынша, бірде жас ана аман-есен босануына себепкер болған кейіпкерімізге алғысын ретінде бауырына басқан қызының есімін «Әсел» деп қойған екен. Осыдан-ақ кейіпкеріміздің өмір мен өлім арасында дерменсіз жатқан қос бірдей жанның өміріне араша түсу арқылы көптеп алғысына бөленіп жүрген жан екенін, мамандық таңдаудан қателеспегенін

аңғаруға болады. Бір күнде бірнеше қыр-сырын түсінбесем де қызығушылық танытып, кітаптарын оқытынмын. Бала күнігі арманым мені үлкен қызметке еңбек етіп, адам жанының арашасы атануыма себепкер болды.

– Қазіргі таңда жүкті әйелдер көбіне қан қысымы, қаназдық ауруымен жиі ауырады. Бұдан бөлек ана көп қимыл-дамағандықтан іштегі баланың салмағы өсіп, босану барысында қиындық туындайды. Кейде соның салдарынан жаңа босанған аналарда қан тоқтамай, ота жасауға тура келеді. Бір күні түнгі кезекшілікте жедел жәрдеммен бір келіншек түсті. Табиғи жолмен босана алмайтындықтан шұғыл кесір тілігі арқылы ота жасап, баланың да, ананың да жанын аман сақтап қалдық. Алайда бірнеше сағаттан кейін ананың денсаулығы сыр беріп, жиі-жиі қан кету салдарынан перзентханадағы білікті мамандармен бірлесіп ота жасадық. Науқастың ем-шара жүргізу жоспарын санавиация желісі арқылы арнайы облыстан, республикадан шақыртылған мамандармен кеңестік. 5 күн бойы жан сақтау бөліміне кезекпен кезекшілікке тұрып, ананың денсаулығын бақылап, қан құйып, қажетті ем-шараларын жүргізді. Қазір шүкір, ананың да баланың да дені сау. Бұндай жағдайлармен кейде жиі кездесіп жатамыз. Аналарға үнемі уақытылы дәрігердің қабылдауына барып, қаназдық, қан қысымы сияқты арзұрлармен күресіп алдын алыңыз деп ескертіп жүреміз, – дейді кейіпкеріміз.

Айта кетейік, жыл басынан бері аудандық перзентханада 404 бала дүниеге келген. Оның 204-і ұл болса, 200-і қыз бала екен. Мұнан бөлек бұл бөлімде бүгінге дейін ана мен бала өлімі тіркелмеген. Сондықтан кейде қалада тұратын жас аналар аудандық перзентхана мамандарының көмегіне жүгінеді.

– Әсел Мейірманқызы – өте білікті маман. Сол кісінің көмегімен бүгін табиғи жолмен босанып, баламды бауырыма бастым. Бұл біріншісі емес, дәрігер Әсел осымен үшінші бөлімнің кіндік анасы. Қиын сәтте қасымнан табылып, көмек қолын созған алтын қолды дәрігерге алғыстан басқа айтарым жоқ, – дейді жас ана Индира Жалғасбекқызы.

Иә, оның көмегімен аман-есен босанған аналар Әселді «алтынқолды дәрігер» деп атап кеткен. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, науқастармен жасаған қарым-қатынасын көргендер кейіпкеріміздің алғыс арқаулаған аққалаты абзал жан екенін оңай аңғарады. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, тәжірибелік білімін жетілдіруден шаршамайтын маман алдына келген әрбір ананың дені сау ұрпақты дүниеге әкеліп, отбасына аман-есен қауышуынан асқан бақыт жоқ деп біледі.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Болмысы дара дәрігер

Данышпан халқымыздың «көткен күнде белгі жоқ» деп айтқан есиетті сөзіне жас шағымызда мән бермеуші едік. Өмір өте көңілді жастық, дастарқандас, дем-түздас болған, төндесіз татулық, ауызбіршілік пен адамгершілік, қимастық саттерді аңсайсың, сағынасың. Өмірден өтсе де көңілден кетпейтін кейбір асыл азаматтарды өлі де арамызда жүргендей сезінесің. Асқар таудай ағалар уақыт өте сыйластықтың арқасында бір туған бауырдай болып кетеді екен. Халық даналығында «мың досың көптік етпейді, бір дұшпаның аздық етпейді» деген сөз бар. Ағалы-інілі болудың жолы да көп, түрі де көп. Сыйластық – адамзатқа ортақ баға жетпес байлық. Алдында арқа сүйер ағасы бар адам – тынымсыз тіршілікте бақытты, басына бақ қонған, баянды өмір сүрудің шарттары мен қағидаларына сәйкес келетін азамат.



Қасиетті де киелі Сыр бойында адал ісімен ел есінде мәңгі сақталатын жақсылар мен жайсаңдар, асылдар мен ардақтылар, арыстар мен алыптар, кемеңгер қаһармандар, баршылық. Солардың бірі – Сақы Қалыбаев ағамыз. Сәкен саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнады. Жарықтық, көбіне асып-таспайтын, асылық еңіме айтпайтын, қандай жағдай болса да ешкімнің сыртынан еңіме айтпайтын, ешкімге ретсіз, жөнсіз еңіме айтқызыбайтын. Қазақты түрде бағаласақ, «бар болса, тасымаған, жоқ болса, жасымаған» ерекше қасиетке ие болған азамат.

Сәкенді аудан дәрігерлерінің атасы деуге болады. Аудандық аурухананың бас дәрігері болып қырық жылдай еңбек етіп, қайраткерлік дәрежеге дейін жеткен. Айбырой-атақтың ешқайсысынан кенде емес. Еткен еңбегі ерекше бағаланып, көптеген орден, медальмен, құрметті атақтармен марапатталды. Бірнеше рет Қазақстан компартиясы аудандық комитетінің пленум, бюро мүшесі, аудандық кеңес атқару комитетінің мүшесі, аудандық, поселкелік кеңестердің депутаты болып сайланды.

Ол қандай ортада болсын өзін ерекше мәдениетті ұстайтын. Өте қарапайым, не айтса да тауып айтатын. Барына кішіпейіл дауыс көтеріп, дерекі сөйлемейтін, сыпайы, салмақты, сындарлы, салқалы, мәнді еңіме айттырар. Түрлі мақсаттарға арнап жайылатын дастарқан мен жиын-кеңестер Сәкенді басталмайтын. Қорытынды сөзді өзі айтатын. Дастарқан басында бейсауат, келеңсіз, ретсіз, жөнсіз еңіме айтылып жатса, көзінің қығымен-ақ саңсына түсіретін. Көпшілік бас қосқан алқалы жиында ешкімді алапаламай, ағалық ақылмен айтты, артық еңіме айтуды онша жақтыра бермейтін. Ананың ақ сүтімен келген ізгі қасиеттерінің арқасында адами, азаматтық қасиеттері де жоғары болды.

Бас дәрігер ретінде дәрігерлермен қызметкерлермен қарым-қатынас жасау, түсінісу, сыйласу, ауыз жетер, аяқ жетер жердегі ағайынның, жора-жолдастың қайырғанында, қуанғанында қасынан дер кезінде табылу, тарыдай қуанышын таудай етуге, түйедей қайғысын түймедей етуге өзінің күш-жігерін, ынта-ықыласын аямады. Ақыл сұрағанға сая болды, көмек сұрағанға пана болды, бата сұрағанға дана болды. Тіршілікте біздің Сәкен төңірегіндегілерге қателеспеген қателестірген, барына қанағатсыздық ынсапыл қамқоршы ағаларымыздың бірі болды. Ол – тіршілікте, қызметте, өмірде жолы болған еңбегі жанға бақ қарап, қыдыр дараған, туған халқына, елден жұртқа, ағайынна, достарына, қызметтестеріне, мемлекеттен кезінде тиісті бағасын алған бақытты азамат.

Сәкен туралы айтқанда, құдай қосқан қосағы, әулеттің берекесі мен беделін асқақтатқан отанасы, шаңырақтың шаттығы болған Загира Сейткенқызының өлпесіз еңбегін айтпаса тағы болмайды. Загира жеңгеміз текті әулеттің қызы ретінде Сақы ағамыздың табалдырығын аттағаннан бастап қырыс-нәсібе молай түсті. Өмірге ұл-қыз келді, сөйтіп Қалыбаевтар өмірінде бұрын-соңды болмаған мамыражай өмір басталды.

Сәкен «Мына Загира жеңгелерімен алпыс жылдың үстінде тату-тәтті өмір сүрдік, біздің жолымызды берсін, көрген жақсылығымызды жұғысты етсін» деп, батасын беріп отырушы еді, жарықтық, Зейнеткерлікке шыққан соң аудан өміріндегі бөлектегі тірлікке етене араласты. Елдегі шешімін таппаған кейбір мәселелерді тиісті жеріне жеткізіп, жоғары жақтан басшылар келсе, етініш ретінде айтып отыратын. Әсіресе аудандық аурухананың жағдайы қатты мәзалайтын. Сәкеннің отбасы, ұрпақтары шүкір, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, әке аманаты орындалып, еңегі өмір сүрдеу. Біз де, соңынан ерген інілері, туған-туыс бауырлары «тауба» дейміз, қуанамыз, қолдаймыз, марқамыз. Бір шаңырақ астында Загира әжесінің бауырында кенжесі Төлеген мен келіні Алма, немересі Меруерт, Дуалет пен Нұрайлым, шеберлері Данияр, Көркем, Айзия, Алдияр төрт ұрпақ өкілі жадырап-жайнап, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл да Қалыбаевтар әулетінің ерекшелігі, берекесі-бірілігі, татымды тірлігі, шаңырақтың абыройы шығар.

Сақы ағамыз аудан тарихында медицина саласында өзіндік із қалдырып, оның дамуына сүбелі үлес қосқан, шебер ұйымдастырушысы, елдің жанашыры болды. Атасының жолын қуған немерелері Даурен Сәкенұлы Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медицина университетінде, немере қыздары Аружан Ақтөбе медицина университетінде, Меруертi Оңтүстік медицина академиясында оқып жатыр. Әрбір ата-ана «ұрпағым өке жолын қуа екен, өкеден артық туса екен» деп тілейді. Сәкен мен Загира жеңгеміздің ақ тілегі қабіл болғандай.

Сала ардагері өмірден өткеннен ұрпақтары атасының сара жолын жалғастыруда. Қалайша риза болмайсың, тіл-көзіміз тасқа. «Жақсы өке балаға 40 жыл азық, жаман өке 40 жыл қазық болады» деген дана халқымыз. Ұрпақтарына еңегелі өмірімен 40 жыл азық болса, қадір-қасиетін білетін туған-туыс, бауырларына, жора-жолдастарына да бағалы азамат болды. Атам қазақ «жүгіріп шығар тебе көп, асу бермес шың қиын, қартайған шал елде көп, ақсақал болу тым қиын» деп бекер айтпаған. Сәкен көргені, көңілге түйгені, білгені көп, аудан тарихында өзіндік орны бар, сүйекті сөз айта алатын салмағы бар, өз орнын білетін абыз ақсақалымыз еді. Ағамыз еліміздің бірлігіне, тәуелсіздігіміздің тұғыры да берік болуына рухани дем беріп, батасын беріп кетті деп есептейміз.

Кенжегара СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық алқа-билер
кеңесінің төрағасы

Аурухана ішін аралап келеміз, бір сәтте іңгөлаған балалар дауысын құлағымыз шалдыс, қасындағы әріптесім де, өзім де «Перзентхана» бөлімі екен деп топшыладық. Бақсақ, бұл негізінен «Балалар» бөлімі екен. Салада 30 жылдан астам тәжірибесі бар Назира Алтаеваның 1 минут уақыты жоқ, дәрігерді де түсінуге болады, себебі қазір балалар арасындағы аурушандық көбейген. Содан болар, басшылық құрамның бұл бөлімге тәжірибелі маманды жауапты етіп бекіткені.



Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Балалар бөліміндегі бір күн

Назира Нағашыбайқызы ұзақ уақыт күтуге тура келді, қолы қалт ұтса, әкеуара диалог құруға дайын тұрмын. Не де болса жұмыс уақытының соңына дейін күтуге бел будым. Себебі ересек науқастардың дертін анықтап, оған емдік шаралар қабылдарсың, ал балалардың диагнозын дәл таппасаң, ем-домның зая кеткені былай тұрсын, тұтас бір адамның өміріне қауіп төндірүің бек мүмкін. Сондықтан бұған қатысты сала маманы не дейді? Осы сауалдың жауабын білуге асықтық.

Арада біршама уақыт өткенде дәрігер де белмесіне кіріп, сөл белгелді, сұхбаттасудың да мүмкіндігі туып, оған

сауалымызды қоя жөнелдік. Назира Алтаеваның қарамағында 10-нан астам маман бар. Осы құрам уақытпен санаспай аудандағы 18 жасқа дейінгі балалардың денсаулығын күзетеді. Дәрігер қазіргі таңда балалар арасында аурушандық өсім алғанын алға тартады. Әсіресе көшегі коронавирустан кейін олардың арасында пневмония бөлініп алынды.

– Бұрын айына 40-50 бала емдейтін едік, коронавирустан кейін айына 80-90 балаға дейін емдейтін болдық. Шыны керек, қазір балалар арасында аурушандық көбейді. Шама-шарқымызша олардың дертінен айыуына жұмыс жасап

жатырмыз. Дәрі-дәрмек, қажетті медициналық аппараттардан ешқандай тапшылық жоқ. Бұрын бұл бөлімшіміз 1-2 айлық балалар мүлде түспейтін, науқастардың ең кішісі 3-4 жаста болатын. Қазірдің өзінде бізде 15 күндік сабилер өсім алғанын алға тартады. Сондықтан біз негізінен 5 жасқа дейінгі балаларды қамтуға тырысамыз. Бұл 5 жастан үлкендеріне емдік шаралар жүргізілмейді деген сөз емес, 3 жасқа дейінгі балалар қақырық тастай алмайды. Олардың демікпесі де қысқа болады. Негізінен балалар тез жазылғанымен, қысқа уақытта ауырып қалып жатады. Біз осының барлығына дайын болуымыз керек, қазір балалар арасында аурушандық көбейгені соншалық, қызметкерлердің 1-2 кабинетін де науқастар жататын бөлмеге айналдырдық. Себебі олардың денсаулығы бәрінен маңызды, – дейді дәрігер.

Айта кетейік, негізінен бүгінгі таңда балалар арасында пневмония, өкпенің асқынуды, сарғаю, бүйрек ауруы, анемия өршіп тұр. Дәрігер бұрын анемияның ең күрделі түріне облыс орталығында емдік шаралар жүргізілсе, қазір осы бөлімде жүретінін айтады. Оны Назира Нағашыбайқызы балалар арасында анемияның ең күрделі түрі өршуімен байланыстырады.

Был еліміз бойынша қызылша ауруы өршігенін жақсы білеміз. Әсіресе осы балалар арасында бұл дерттің белең алғанын айтып, сала мамандары дабыл қақты. Бұрын кеселге қарсы балалар 1 жастан кейін егілетін. Соңғы уақытта қызылша 1 жасқа дейінгі балалар арасында көптеп тіркелген. Бас санитардың қаулысымен екіне қарсы жұмыстар 6 айдан бастау алғаны да сондықтан.

Дәрігерлер негізінен кез келген кеселге қарсы вакцина алудың тиімділігін алға тартады. Бұған қатысты сала мамандарының дәлелі де жоқ емес. Мәселен, кез келген кеселге қарсы егілген бала ол дертпен ауырмайды, ауырған жағдайда одан сауығып кетуі де қиынға соқпайды екен.



Соттың әрбір шешімінің артында адам тағдыры тұр. Ғапыл дүниеде адам мен оның өмірінен қымбат құндылық жоқ. Біздің Ата заңымызда да дәл осылай жазылған. Сондықтан Сот билігі Қазақстан республикасы атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.



Сайлауалды бағдарлама: 29 іс-шара орындалған

Бейсенбіде аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының отырысы өтті. Фракция жетекшісі Гүлзат Құрманбаева төрағалық еткен жиынның күн тәртібінде партияның аудан бойынша «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың Жол картасының орындалу барысы қаралды. Бұл жөнінде аудан өкімі Ардақ Ибраимов хабарлама жасап, бағдарламаның орындалуын кеңінен тарқатты.

Облыс бойынша сайлауалды бағдарламаны іске асырудың арнайы Жол картасында ауданға қатысты 47 іс-шара қамтылған. Есепті мерзімде оның 29-ы орындалса, біреуінің мерзімі бар, ал қалған 17-сі орындалу үстінде.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында да ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында жобаға қатысатын үміткерлердің құжаттары жинақталып, 14 жоба 105,6 млн теңгеге қаржыландырылған. Бұдан бөлек 144,1 млн теңгені құрайтын 16 жоба қаржыландыруға ұсынылған «Жер аманаты» жобасы бойынша да ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді мақсаты бойынша пайдаланбаған тұлғалар анықталып, иелігіндегі 34 мың гектар жер учаскесін қайтару жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар өз деңгейінде жүруде.

Газдандыру бағытына келсек, Жалағаш кентіндегі 2 740 тұрғын үй және 19 өлеуметтік, 119 кәсіпкерлік нысан орталықтандырылған газ желісіне қосылған. Бұл аудан халқының 38,2 пайызын құрайды. Биыл облыстық бюджеттен Ақсу және М.Шаменов елді мекендеріне газ желісін тарту жұмыстарын бастауға тиісті қаражат бөлінді. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары аяқталып, құрылыс жұмыстары басталды. Алдағы жылдары басқа да ауылдық елді мекендер халқы көпшілігі отынның иілігін көреді.

– Бүгінге дейін жасалған жұмыстар аз емес. Алайда алдымызда әлі де атқарылатын ауқымды міндеттер тұр. Әрине бұл бағыттағы шаралар, тиісті жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылады – деді аудан өкімі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша фракция мүшелері тарапынан сауалдар қойылып, сайлауалды бағдарламаны толық орындау мақсатында ұсыныстар берілді.

«ЖЖ» ақпарат

Заң мен сот алдында бәрі тең

Бүгінгі сот жүйесі еліміздегі түбегейлі өзгерістермен тікелей байланыста реформаланып келеді. Реформалардың мақсаты – сот жүйесін халыққа жақындатып, мықты әрі тиімді, азаматтардың құқықтарын мен бостандықтарын сенімді қорғауға қабілетті жүйе құру. Заман талабына сай халыққа қызмет көрсету тетігі жылдан-жылға жетілдіріліп, соттың ашықтығы қамтамасыз етілуде.

Осындай ауқымды өзгерістерді еңсерген Қызылорда облыстық сотының құрылғанына да биыл 85 жыл толып отыр. Осынау ғасырға жуық өз тарихында облыс соттары еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосып, қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын жанжалдар мен дауларды әділ шешу бағытында небір күрделі, тағдыры істерге төрелік етті. Бүгінде облыстық соттың судьялар корпусы азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына сүбелі үлес қосып келеді.

Реформа һәм нәтиже

Бүгінде өгемен еліміздің сот саласы – қауқарлы да құатты, тәуелсіз біртұтас жүйеге айналып келеді. Бұл жұмыс талай уақыттан бері атқарылып келе жатқан сот-құқықтық реформалардың берген нәтижесі деп нық сеніммен айтуға болады. Қазақстандағы әділеттіліктің саптану құрымы мен тәуелсіз сот жүйесінің қалыптасу жолында көптеген жұмыс атқарылғаны белгілі.

Сот салына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына ғана жүгінуі керек. Данышпан Абай «Ұят деген – адамның өз бойында адамшылтығы» деген өкпе. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұяттаң адамшылтықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі. Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай атамыз айтқандай, иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл босанбас бұын керек. Себебі бізге көксен кісілер кмен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтпеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан біз осындай күрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз немес парызымыз десек те артық айтқаным емес.

Шындығында дәл қазір Қазақстандағы сот жүйесінің ашықтығына еш күмән жоқ. Айыпталушыға сот шешімі немесе судьяның үкімі шыққанға дейін қарапайым халық мұның барлығын көріп отырады. Айыпталушы немесе күегер қалай жауап беріп, одан қалса, судья іс процесін қалай жүргізіп отыр, мұның барлығын қарап отыруға мүмкіндік бар. Сондықтан судьяның әділетсіз шешім шығарып, істі бурмалауына еш негіз жоқ. Оның үстіне қазіргі уақытта сот залындағы процестердің барлығы да аудио және видеотапсырларға жазылып алынады. Бұл соттың айқынды-

лығы мен ашықтығын шынайы түрде көрсетеді. Өйткені біз қоғам дамыған уақытта өркениет жетістігінен көш кері қалмауымыз қажет.

Сонымен бірге «Сот төрелігінің 7 түйіні» атты жаңа бағдарламалық құжат әзірленді. Бұл анығын айту керек, сотқа төрелік ететін мамандардың жүздеген ұсынысынан кейін барып Жоғарғы сотқа қабылданған құжат десе де болады. Осы құжаттың негізінде соттың даму бағыты айқындалған. Ал «7 түйін», ол не десеңіз айтпайың «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Үлгілі сот», «Сапалы нәтиже», «Оңтайлы орта», «Мінсіз судья», «Сотсыз татуласу орталығы». Аталған жеті бағыт, бұл – сот саласындағы соңғы жылдары жасалған өте жемісті және ауқымды реформа. Судьялар әрбір істі тиянақты қарайтын болды, олардың жауапкершілігі артты. Мұны халық та көріп, сезіне бастады. Осыдан кейін сот төрелігіне сенім күшейді.

Әрине бұрынғы кезде сотқа шағым түсірген сөттен бастап, істің барлығы да қаралатын еді. Бұл өз кезегінде судьялардың жұмысын ауырлатып, істі қару ұзаққа созылып кететін. Ал қазіргі уақытта мұның барлығы да оңтайланды. Бағдарламадағы «Сотсыз татуласу орталығының» басты мақсаты – араздасқан екі жақты мәмілеге өкелеу, ортақ бітімге келтіру.

Сот жүйесінің көп сатылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдебині жаңа кодексі қабылданды, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды, сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жаңа электрондық сервистер мен жобалар іске қосылды, сот жүйесінің материалдық базасы нығайтылды, өңірлерде фронт кеңселер ашылды. Бұл батыл қадамдар мен сансалалы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін бергені анық.

Тағы бір айта кететін жайт, 2019 жылдың 3 ақпанында заңды күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәңшік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы күшіне енді. Бұл Заңмен 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске мәңшік құқығын қорғауды күшейтуге, төрелікті дамытуға, сот жүктемесін оңтайландыруға және экономикалық қылмыстарды ізгілендіруге бағытталған түзетулер енгізілді. Заңнама негізінде жалпы түзетулердің маңызы зор. Осының ішіндегі түзетулердің екінші тобындағы заңнаманы халықаралық актілердің ережелеріне сәйкес одан әрі келтіру ұсынылатын «Төрелік туралы» Заңды қолдану практикасында бар проблемаларды шешуге бағытталған. Атап айтқанда, мемлекеттік органның не квазигоссектор субъектілерінің қаты-

суымен дауларды төрелік қарау кезінде шетелдік құқықты қолдану мүмкіндігі беріледі. Сондай-ақ заң төрелік шешімі орындаудан бас тартудың негізі төрелік құрамының заң талаптарына сәйкес келмеуі ғана емес, сондай-ақ осы құрамның тараптардың келісіміне сәйкес келмеуі болып табылатындығы туралы нормамен толықтырылады.

Осылайша облыстық сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп келеді. Соттар заманның заманауи жетістіктеріне қол жеткізді. Соттарға енгізілген жаңа технологиялар сот ашықтығының кепіліне айналды.

Тарихи кезеңдегі нар тұлғалар

Жалағаш жері – тарихи тереңге тамыр тартақан киелі мекен. Түп тарихи тереңде жатқан бұл өңірдің шығысы Сырдария, батысы Қармақшы ауданымен, төріскейі Жезқазғанға жалғасып, түстігі Қарақалпақпен қабаттасып жатыр. Бұл жерден еліміздің кемел келешегі шын аянбай еңбек еткен, сол жолағы саналы жұмырын арнаған билер мен заң саласының майталмандары шыққан. Олар Қызылорда облыстық сотының 85 жылдық тарихи кезеңінде еліміздің өзгерістерге бастап, ауқымды реформалардың сәтті жүзеге асуына еңбек етті.

Бізге дейінгі тарихи кезеңде Жалағаш аудандық сотында А.Баубеков, Ә.Досмайлов, И.Жолмырза, К.Сұлтанов, И.Токбаевтар, Ә.Жаубасаров, Т.Темірбаев, Т.Жұбанғанов, З.Нұрсейітов, төраға, судья қызметтерін атқарып, елдің береке-бірлігі мен тыныштығына қалтқысыз қызмет жасады. Одан кейін аудандық сот төрағасы қызметін Қайырқелді Темірбаев, Артур Наримов атқарса, 2015 жылдан бері сот төрағасы қызметін өзі атқарудамын Ауқымды реформалардың оң нәтиже беруіне, сотқа деген халықтың сенімін нығайтуға бағынша жұмыс жасап келеміз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жолында қалтқысыз қызмет қылған жандардың бірі – ҚР Заңгерлер одағының мүшесі Ақбала Тоғысова. Ол Сот саласы түгелдей қайта жаңғырған кезеңде де бар күш-қайратын саланың дамуына жұмсады.

Кеңестік дәуірде сот жүйесін көзбен көріп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот саласының жетілуіне сүбелі үлес қосқан ардагер 2018 жылы күрметті зейнет демалысына шықты. Бала кезінен заң саласында жұмыс жасауды армандаған Ақбала Қалмаханқызы езінің алға қойған мақсаты орындалғанын айтып марқаяды. Бүгінгі таңда жастарға ақыл-кеңесін айтып, мол тәжірибесімен бөлісіп жүр. Өңірде беделі салмақты ардагерлерден құралған билер кеңесінің мүшесі ретінде ол қазіргі кезде азаматтық даулардың сотқа дейін шешілуіне, ел бірлігін нығайтуға атсалысып келеді.

Сот саласындағы ұзақ жылдар бойғы абыройлы еңбегі еленіп, «Мінсіз қызметі үшін», «Сот жүйесінің ардагері»

медалін кеудесіне тақты. Қызылорда облыстық сот төрағасының, Қызылорда облысы өкімінің, Жалағаш ауданы өкімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Бұл ширек ғасырдан астам ғұмырын Сот жүйесінің өркендеуіне арнаған ардагердің еселі еңбегінің еленгені деп білеміз. Бүгінде ұлы Сақи Ғалым анасының ізін жалғап, сот отырысының хатшысы қызметін атқаруда. Жас болса да іскерлік қабілетін көрсетіп, жауапты саланы абыроймен атқарып келеді.

Уақыт талабындағы оң өзгерістер

Айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауды оңтайлы шешуге де атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайту бағытында да өзіндік үлес қосып келеді. Сот судьялары мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы жанкешті еңбектің нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды.

Бүгінде сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Төрелік», «Дыбыс-бейнежазба», «Сот кабинеті» сынды бағдарламалар енгізілгені атап өтуге болады. Осы қолданылып жүрген сот процестерінің аудио және бейне тіркеуін жетілдірілген жүйесі шын мәнінде сот төрелігі ашықтығымен қамтамасыз етудің ғаламат құралына айналды. Көп жағдайда бұл қолданысқа енген жайттар – сот процесінің әрбір қабырғасын қазір «Сот кабинетіне» кіріп, процестің бейне және аудио жазбаларымен таныса алады.

Сонымен қатар бұл жүйе процесуалдық нормалар мен сот этикасының мұлткіз сақтауды талап етеді. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету бағытында процесс қатысушылардың істің барлық материалдарымен танысуға, көз келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы хабардар болуға мүмкіндік жасалған. Яғни сотқа түскен барлық істер бойынша істің сотқа түскені, қарауға тағайындалғаны, қаралған күні басқа да іске қатысты мәліметтер тараптарға смс хабарламалар арқылы жолданады.

Өткен тарихи кезеңге көз салсақ, өзінің даму жолында заманға сай үнемі жетіліп, жаңыра түскен облыстық сотта өр кезеңде қызмет атқарған аға ұрпақ өкілдеріне күрметтілік шексіз. Сала ардагерлерінің сіңірген еңбегі мен жасаған игі істері кейінгі ұрпаққа үлгі. Аға буынның сара жолында әділеттіліктің туын берік ұстап, заңды бұлжытпай орындау арқылы халыққа қызмет жасау – әрбір сот судьясы мен қызметкерінің қастерлі міндеті.

Асылхан МИЗАНБАЕВ, Жалағаш аудандық сотының төрағасы

Жемқорлықпен күрес – баянды болашақ кепілі

Жаһандық деңгейде сыбайлас жемқорлық – экономикалық дамуды төмендететін, демократиялық өсуді тежейтін, үкіметтерді тұрақсыздандыратын шешімі әлі табылмаған, қоғамның әлі де күресіп жүрген қауіпті дерті. Ол мемлекет дамуына нұқсан келтіріп, қылмыскерлер санын көбейтеді, сондай-ақ қауіпті топтардың көбеюіне жол ашады.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады. «Телміріп тапқан теңгенен – тер тегіп тапқан теңге жұмынды» деп ұлт ұстазы А.Байтұрсынов айтпақшы, оңай жолмен олжа табамын деген адамның дегені болмайды, түбі әділдік жеңіп, ол ісінің соңы түрме болмақ. Рас, оны болдырмау және алдын алу мақсатында елімізде арнайы болып жатқан іс-шаралар да жетерлік.

Өңірлердегі көзбен көріп, әшке-реленіп жатқан жемқорлық қылмыстарына қарап, елімізде өлгі де бұл дерттің барын аңғарамыз. Бұл ретте Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары көш бастап келеді. Мәселен, елордада өткен жылы да, биыл да 71 қылмыс болған. Ал Алматы облысының құқық қорғау органдары биыл жемқорлықпен күрес қарқынын айтарлықтай арттырған. Мұнда былтырғы бірінші

тоқсанда 39 жемқорлық қылмыс әшкереленсе, биыл 83-ке дейін шарықтапты. Біздің облыста да әшке-реленген жемқорлыққа қатысты қылмыстар былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда едәуір көп. Бұның мәнісі жасалып жатқан іс шаралардың дұрыс жүргізілуінде ме?

Әлемдік дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресуде елімізде жаңадан стратегиялар, заңдар қабылданып, бұл дертті жоюға барынша тырысуда. Керектесенің, флешмобтар мен конференциялар, арнайы ғылыми жобалар мен тағы басқа да шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Бірақ бізде барлық мәселені халық болып елдегі жоғары билік өкілдеріне арта салатынымыз тағы бар. Алайда өзгеріс өр адамның өзінен басталуы тиіс. Бір адамның пара алу немесе беруге қарсылығы елдегі осы мәселені шешуде үлкен көмек берері хақ. Әйтпесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен басқа да құқық



қорғау органдарының онымен күресті күшейткенін қылмыс түбегейлі жойыпмайды.

Кез келген дертті айықтырар дәрсі болғаны сияқты, бұл мәселені де азайтуда күрес жолдарының түрлері баршылық. Заман ағымынан қалыспастан қолданыстағы барлық құжаттарды, байланыс құралдарын да электронды түрге көшіріп жатқанымыз бар. Бұл нәрсені тек ел дамуында ғана емес, сыбайлас жемқорлықты азайтуда да пайдалануға болады. Мәселен, «Сергек» жобасы жүргізу-

шілердің жол жүру тәртібін күшейтті және жол ережелерінің бұзылуын түркіеуе адами факторды электронды түрге алмастырды. Соның арқасында жол жүру кезіндегі көп кездесетін сыйбайлас жемқорлықтың мөлшері азайды десек те болады. Міне, сол секілді цифрландыру бағытындағы жобалар жасау арқылы елдің даму болашағын жетілдіретін және қоғамдық дерт болған сыбайлас жемқорлықпен күресу жолын жеңілдетер едік.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Хабарландыру

Аудан тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №121-VI реттік заңы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Салық кодексінде, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап «Жалпыға бірдей декларациялау» туралы Салық Кодексінің 71-тарауы қолданысқа енгізіліп, «Жалпыға бірдей декларациялау» 4 кезеңге бөлінді. Бүгінгі күнге декларациялаудың 2 кезеңі өткізілді.

«Жалпыға бірдей декларациялаудың» үшінші кезеңінде – 2024 жылдың қаңтар айынан бастап, заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) мен олардың жұбайлары; жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары болып табылатын жеке тұлғалар, активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны (250.00-нысанды) ұсыну міндеті жүктелген.

Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, аудан тұрғындарына, заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) мен олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары болып табылатын жеке тұлғалар, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап, активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны (250.00-нысанды) ұсыну керектігін хабарлайды.

Сұрақтар бойынша: Мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32 ғимаратта орналасқан, Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына келіп түсіндірме алуға немесе 31-6-88 телефонына хабарласуға болады.

Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

Хабарландыру

2022 жыл үшін жеке тұлғалардың көлік салығын төлеу мерзімі 3 сәуірде аяқталды.

Құрметті Жалағаш ауданының тұрғындары! Сіздерді Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы көлік құралдарына арналған салықты уақытылы төлеуге шақырады. 2023 жылғы 4 сәуірден бастап көлік салығы сомасын уақытылы төлемеген аудан тұрғындарына салық берешегі туралы хабарлама жіберілді.

Себебі 1 АЕК артық төленбеген салық берешегі бойынша хабарлама келген күннен бастап, 30 жұмыс күні өткен соң салық органы салық бұйрығын шығарады. Осыған байланысты салық берешегін өтемеген жеке тұлғаларға берешек сомаларын өндіріп алу туралы тиісті салық бұйрықтары жіберілді. Салық бұйрығы табыс етілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде берешек өтелмеген жағдайда тиісті салық бұйрығы жеке сот орындаушыларына мәжбүрлеп өндіріп алуға жіберіледі.

Сонымен бірге жеке сот орындаушылары шоттарды бұғаттауы мүмкін және берешек сомасынан басқа қосымша жеке тұлғалардан салық берешегі сомасының 25%-на дейін қызмет көрсету ақысын өндіріп ала алады.

Осылайша артық шығындарға жол бермеу үшін салықты уақытында төлеу сұралып отыр.

Есептелген салық сомаларын «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасының «Электронды сервистер»—«ЖТ және ЖК алдағы төлемдерді төлеу қызметі» сервисінде, сондай-ақ «Каспий банк» АҚ және «Халық банк» АҚ мобильді қосымшаларында көруге болады.

Басқа да көлік құралдары салықтарына байланысты сұрақтарыңыз болса, Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32 мекен-жайда орналасқан Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына келіп, сұрақтарыңызға жауап ала аласыздар!

Байланыс телефондар: (31-6-88, 31-2-88).
Б.КАМАНОВА,
Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының «Салықтық өкімшіліңдіру және өндіріп алу» бөлімінің бас маманы



Музей – тарихи құндылықтар ордасы

Музей – өлкенің тарихы, халықтың қазынасы. Тасын түртсең, тарихы сөйлейтін Жалағаш топырағы – тарихи ескерткіштерге бай киелі өлке. Күні кеше ауданға қарасты Бұқарбай батыр ауылындағы батыр атындағы тарихи үйдің босағасын аттап, құнды жәдігерлермен танысып қайттық.

Бұл ғимарат батырдың 180 жылдық мерейтойы қарсаңында, яғни 1994 жылы сол кездегі Калинин атындағы совхоздың директоры Қожахмет Баймахановтың бастамасымен ашылып, Бұқарбай батырдың 200 жылдық мерейтойы қарсаңында музей ғимараты қайта жасалған. Музей экспозициясында Бұқарбай батырдың өмірі мен жорық жолдарынан сыр шертетін жәдігерлер, Орынбор, Ташкент, Алматы қалаларындағы мұрағаттардан алынған құжаттардың көшірмелері, қару-жарақтар коллекциясы сынды тағы басқа да құнды жәдігерлер сақтаулы. Мұнда ауылға еңбегі сіңген, елі үшін қызмет еткен тұлғаларды да суреттері мен пайдаланған заттары да сақталған.

Біздің музейде тарихтан сыр шертетін көне жәдігерлердің ішінде Бұқарбай батырдың күмістен жасалған жеке мөрі, шашақты туымен таза болаттан соғылған қайқы қылышы бар. Сонымен қатар сол замандағы батырлардың шоқпары, шақпақты мылтықтары да бізде сақтаулы. Мәселен, сусыырдың құйрығынан жасалған шашақты ту баста үлкен көлемде болған. Осы уақытқа дейін сақталған құнды жәдігерді кезінде халық киелі дүние ретінде қабылдап, музейге тапсырылғанға дейін түрлі аурулардың алдын алу мақсатында ырымдап, төбәрік ретінде қиып әкететін болған. Кейін ұрпақтары бізге табыстағанда ол кішкентай ғана көлемде болды. Бұдан бөлек мұнда

Бұқарбай батырдың таза күмістен соғылған мөрі де көруге болады. Батырдың сөзін растайтын мөрінің ортасында арап әріптерімен жазылған «Бұқарбай баһадүр» деген мағынаны білдіретін сөз бар, – дейді музей қызметкері Мереке Алдабергелқызы.

Музейдің тұтастай бір қабырғасында Бұқарбай батырдың 180 жылдығына орай республика көлемінде ұйымдастырылған үлкен конкурста жүлделі орындарды иеленген көлеңер шеберлерінің туындылары қойылған. Батырдың егде шағы бейнеленген басында дулығысы, үстінде сауыт, сайманы мен жарғақ шалбары, аяғында саптампа етігімен өз өмір жолына үлкен оймен қарап отырған бейнесі

бар мүсінші Тереңөзек ауданының мүсіншісі Жұмағұл Жарқенов ағамыз жасаған. Бұдан бөлек Шиелі ауданының тұрғыны кілемге батырдың суретін тоқу арқылы аталған конкурстың арнайы жүлдегері атанған.

Музейде зергерлік бұйымдар, үзенгілер, қырықтық, ас үй, тұрмыстық бұйымдар мен ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар, кілем тоқитын тарақтар да тарихтан сыр шертіп тұр. Бір бөлігінде Сорлыасардан табылған қыш құмыралардың сынықтары, Қарақұмнан табылған қобыз, өзгесі оқталасқан.

Кезінде 2000 жылдай бұрын Сырдарияның бойында үлкен орман болған деседі. Ол орманды алқапты уақыт өте су басып, талдардың шіріген үгіңділері жер қойнына кіріп кеткен. Кейін елді мекен болып, дария қазылған кезде ормандағы ағаштар тасқа айналып, бүгінде осы музейдегі жәдігерлер қатарынан орын алған.



Қайқы қылыш

Бұқарбай батыр атындағы тарихи үй көнеңіз көзі болған тарихи жәдігерлерге толы. Батыр өз заманында талай дұшпанын ажал қуштырған таза болаттан жасалған қайқы қылышы да музей төрінде ілулі тұр. Қаншама уақыт өтсе де сыны кетпеген, жүзі де өлі өткір, аталған жәдігердің ешбір жері шірімеген. Күні кешеге дейін пайдаланылған дүние тәрізді қаз-қалпында сақтаулы тұр. Қыны ағаштан жасалған қылыштың салмағы да әжептәуір ауыр. Жәдігердің жалпы ұзындығы – 80 см, сабының ұзындығы – 13 см, жүзінің ені – 3 см.

– Батырдың негізі көптеген қаруы болған ұрпақтары арқылы

бізге жеткен тек осы қайқы қылышы ғана. Шолақбелсенділердің заманында Бұқарбай батырдың көптеген қару-жарағы болған. Ол кісі өмірден өткеннен кейін ұрпақтары батырдың бес қаруын жинап сақтаймыз деген мақсатта көмген екен. Кейін ол жер өртеніп кетіп, орнында ізін де таппай қалған.

Батыр бабамыз өзінің үйінде төсек тартып жатқан шағында Қайқы батыр жағдайын сұрап барады екен. Сол кезде Бұқарбай батыр Қайқы батырға өзінің көңілі түсіп, керегесінде ілініп тұрған қылышын сыйға тартқан. Содан Қайқы батыр қылышты үйінде сақтап, баласы Наршаға аманаттап кеткен. Ал Нарша қылышты батырдың ұрпақтарына қалды-

рып, олар арқылы бізге жеткен. Бұл жәдігерді батырдың шөбересі Жоламан Алданазаров өткізді, – дейді Мереке Алдабергелқызы.

Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев айтқандай, кешегіміз түгелдей, бүгінгіміз бүтіндей емес. Бұл – өмір ақиқаты. Ал өткенді түгенде – ең алдымен барынды бағалап, көне жәдігерлерді жоғалтпай сақтау. Атадан балаға мұра болып қалған асыл қазыналарымызды сақтап қана қоймай, оны насихаттап, жастардың бойына тарихымыздың өткен мен бүгінін сіңіріп жүрген киелі шаңырақ Бұқарбай батыр атындағы музей – тунып тұрған тарих, жәдігерлер мекені.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Есім қойғанда нені ескеру керек?

Адам өміріндегі ең бақытты сәттердің бірі – өмірінің жалғасы сәбиінің дүниеге келуі. Иә, адам ұрпағымен мың жасайды. Ал сол ұрпағымыздың келешегі үшін маңызы зор, ұлттық бет-бейнемізді айқындайтын сәбиге ат қою дәстүрін қалай орындап жүрміз? Балаға есім қою – игі дәстүр. Сондай-ақ бұл – рәсім әр балаға өмірінде бір-ақ рет жасалатын рәсім. Сондықтан есім ата-бабаларымыз ежелден-ақ бұл рәсімге атүсті емес, аса құрметпен қараған. Себебі ғалымдардың пікірі бойынша және дінімізде де адамның есімі оның болашақ тағдырына тікелей әсер етеді деген сенім бар.

Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың айғпкі «Менің атым Қожа» деген шығармасында кішкентай бала Қожаның айының алдында өзіне қарап отырып, «Осы менің атымды неге Қожа деп қойды екен?» деп ұзақ ойлап, өз есіміне көңілі толмай, іштей өзіне налитыны бар. Әрине «Қожа» деген есім жан мағына бермесе де бұл жерде баланың жан дүниесі, кіршіксіз көңілі жатқанын ескеруіміз керек. Сәби дүниеге келгенде әрбір саналы отбасы оған жарасымды әрі әдемі есім беруге тырысады. Кейбір заманына сай ел арасында көп таралған, заманауи есімдерді қойып жатса, енді бірі ата-бабаларының, ұлы тұлғалардың есімін қояды.

Бұрынғы үрдіс бойынша және қазіргі заманда да балаға есім үш күн ішінде берілуі құпталды. Себебі ана мен бала перзентханадан шыққанша сәбиге есімі қойылып, дәрігерлерге құжат толтыру үшін де қажет.

Ең алдымен сәбиге ат қоюға кімдер лайық? Балаға ат қоюға құқылы ең бірінші оның ата-анасы. Әрдайымы үлкенді құрметтейтін қазақтың салт дәстүрі бойынша баланың атын көбіне ата-әжесі қояды. Адамгершілік тұрғыдан алғанда бұл үрдіс те дұрыс деп санаймыз. Сондай-ақ өз ортасында сыйлы, қадірлі, елге белгілі өнегелі адамдарға, ғалымдарға, өнерлі жандарға немесе баланың нағашыларына, тіпті жақсы сыйласатын досына да қойдыруға болады. Дәстүрлі дінімізде балаға жаман есім қоюға тыйым салынады. Буны психологтар да қолдайды. Себебі өз есіміне көңілі

толмаған бала үнемі іштей өз-өзіне жеккерінішті сезім тудырады. Үнемі пессимистік көзқарасты ұстанып, депрессияға жүреді. Өмірден өз орнын табуы қиын болады. Мысалы, бірде пайғамбарымыздың алдына жаңадан хақ дінді қабылдаған адам келгенде пайғамбарымыз ол адамнан есімін сұрайды. Сонда алғи адам өзінң есімі Харб екенін айтқанда, пайғамбарымыз ол адамға дереу есімін өзгертуді бұйырған деген деректер де бар. «Харб» сөзі араб тілінде «Соғыс» деген мағына береді. Сондықтан балаға жағымды есім қойған абзал.

Есімін өзгертуге байланысты айта кететін бір жайт, қазіргі таңда дін жолына бет бұрған кейбір көрсекшізәр, әсердіңшілдер жаппай аттарын арабша есімге ауыстыруды үрдіске айналдыра бастады. Мұсылман болу үшін араб болу шарт емес. Әу баста шыр етіп жарық дүниеге келгенде шексіз қуанып, ата-анасының азан шақырып қойған әдемі қазақша есімін тәрк етіп, сепелсіз онды-солды өзгерте бергенді ұлтқа жасалған сатқындық деп бағалауға болады. Бұл үрдіс әсіресе сахна төрінде жүрген өңшілдердің, жалпы өнер адамдарының арасында кеңінен белең алып келе жатқанын жасырын емес. Әрине оларға қарап, жастардың да еліктітінін ұмытпауымыз керек.

Дінімізде де «қиямет күні әрбір адам өзінң алғаш қойылған есімін шақырылады» деген сөздер бар. Ал қазіргі дінге жаңадан бет бұрып жатқан бауырларымыздың қазақша есімін жеріп, арабша есімге ауыстыруы жалаң еліктеушілік деп баға-

лаймыз. Тіпті Құранда да Алла адамзатты ұлттар мен ұлыстарға бөліп, әрқайсысын өз ерекшеліктерімен жаратқаны жайлы айт бар. Ал қазіргі деструктивті діни ағымдардың идеологиясымен санасы ұланғандардың бұл әрекеті де осы жаратылысқа қарсы шыққанмен бірдей.

Азан шақырып ат қою деген не? Перзент дүниеге келген үйде ағайын-туыстары жиналып, ат қоятын адам немесе діни сауаты бар кісі сәбиді қолына алып, «Аллаһу әкбар» деп азан шақырып, сәбидің оң құлағына есімін үш рет қайталап айтады. Сондықтан азан шақырып ат қою қазақ халқының мұсылмандық жоралғысының қалыптасу дәстүрі болып кеткен. Әкесі өз азан шақыра алмайтын болса, имам-молдаларды шақырып, баланың басын құбылаға қаратып, оң құлағына азан, сол құлағына қамат айттып, ата-анасы тандап қойған есімді «Сенің аты пөлеще» деп, үш мәрте айтатын болған. Рәсім аяқталған соң дұға оқылып, қатысқан тұлғалары нәрсетеге, оның ата-анасы мен туысқандарына ақ тілегін айтып, үлкендер батасын берген.

Лақап ат қою деген ше? Лақап ат адамды не мазақ ету, жамандау, болмаса мақтау, құрметтеу үшін қолданылады. Адамдарды өздері ұнатпайтын, ренжітін лақаптармен шақыру күне болады. Сондай-ақ аспан кісінің артынан сөйлеу де гайбат болады, харам болып табылады.

Құран кәрімде былай делінеді: «Ей, мұминдер, араларыңнан бір топ басқа топты мазақ етпеісің! Бәлкім мазақтағандар өздеріңнен жақсырақ болар. Бір-біріңдерді айыптамаңдар,



жаман лақаптармен шақырмаңдар! Иманға жеткеннен кейін күнәхарлық қандай жаман! (Аллаһ тыйым салған нәрселерге) тәубе етпегендер – залымдар»

Кісіге лақап ат беруден өзінң азан шақырып қойған атымен атаған дұрыс. Қазақ қоғамында көбіне лақап ат адамның істейтін кәсібіне, тұр-тұлғасына, қадір-қасиетіне қарап қойылаған. Мысалы, қазауысты Қазыбек би, Айыртүлі Әйтеке би, Қанжығалы Қабанбай батыр, қаспашы Қаржау, Етішкі Ермак т.б. секілді есімдер қойған.

Сондай-ақ қазақ мұсылман-шылықты ұстанғаннан кейін Алла Тағаланың 99 көркем есімін де балаларына қойған Алайда оны тікелей қоймайды. Сол Алланың 99 көркем есімдерінің алдына Әбді деген сөзді қосып қояды. Ол (арабша Әбді) Алланың құлы деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Әбдірахман, Әбдірақым, Әбдімәлік, Әбдікерім, Әбдіжаппар т.б. секілді.

Кешегі Ресейге бодан болған Кеңес одағының заманында Коммуна, Артельбай, Сызбек, Советбай деген секілді коммунистік идеологияға байланысты есімдер де көптеп қойылып берілді. Сонымен қатар жаппай Андрей, Алеша, Антон, Юрий Наташа, Маша деген секілді орысша есімдерді де ата-сәніне айналып Алайда ол тарих болып сол заманның өңшісінде қалды. Қазіргі уақытта да балаға Келді, Жанель, Анджелина, Макс, Роберт т.б. секілді еуропалықтардың бағыстың есімін қоюды сәнге айнал-

дырып, оны өздерінше дәреже көріп жүргендер бар.

Енді тәуелсіздік алып, бостандықтың таңы атып, халқымыз жетпіс жыл бойы қол ұзіп қалған дінімен қайта қауышып, Алайда сырттан келген жат деструктивті діни ағымдардың жаппай жетегінде кеткен жастарымыз өз қағынан жеріген құлдардай қазақтың бүкіл ұлттық құндылықтарын тәрк ете бастады. Арабын бүкіл тұрмыстық салтпен, ұлттық жиімін дін деп қабылдап және соны ұрпақтарының да санасына сіңіруде. «Ең үлкен қателігіміздің бірі арабтардың мәдениеті мен тұрмыс салтын ислам деп қабылдауымыз» деп дінтанушы Мұртаза Жүнісұлы айтқандай, тіпті олар қазақ болып туғанына да өкінетін сияқты. Олар да өз ұлпақтарына жаппай арабша есімдер қоюды үрдіске айналдырып бара жатыр. Сөйтіп бүгінде қазақша есімдерінің орнына арабша есімдерді иемдену жайылып келеді. Шындығында араб есімдері бізге таңсық емес. Алайда әрбір ұлт өзінің ана тілін, ұлттық салт-дәстүрін, өлет-ғұрпын сақтаумен ғана ұлт болып қалады. Осыны естен шығармайық дегіміз келеді.

Арыстанбек БАЙҚАБЫЛОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, теолог маман

Меншік иесі:
СЫРПА
МЕДИА
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
 Жалағаш аудандық
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
 Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
 «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификацияланған.
 Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның тұлқилікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттерлі «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1870